

Сервис ережелері

Кcell және activ абоненттері үшін «Иви Онлайн-Кинотеатры» сервисіне жазылу және оны ұсыну ережелері

«Иви Онлайн Кинотеатры» сервисін (бұдан былай - Сервис) Кселл АҚ операторының Кcell және activ сауда маркасындағы абоненттеріне (бұдан былай - Абоненттер) «Flexmobile ЖШС (бұдан былай - Провайдер) көрсетеді. Сервис контентін (фильмдер, сериалдар және бағдарламалық жасақтамада және кодланбада орналастырылған басқа да бейне контентті) Провайдер «Иви.ру» ААҚ-мен (бұдан былай - Құқық иеленуші) жасалған Лицензиялық шартқа сәйкес ұсынады.

1. Жалпы ережелер

1.1. Осы құжат Сервисті қосқан және оған тіркегелгеннен кейін Сервисті пайдалана отырып Сервисті және Провайдер ұсынатын қызметтерді пайдаланушылар болып табылатын Абоненттердің Сервисті пайдалану шарттары мен ережелерін белгілейді.

1.2. ivi.ru сайтында немесе аталған сайттың мобильді нұсқаларында (бұдан былай - Сайт) орналасқан Сервисті қоса және пайдалана отырып, сонымен қатар Сервис қосымшаларын орнату арқылы сіз осы Жазылым ережелерінің шарттарымен толығымен танысқаныңызды және олармен толықтай келісетініңізді растайсыз. Сервиске қосылған сәттен бастап Сіз Сервистің пайдаланушысы (бұдан былай - Пайдаланушы) боласыз және Сізге осы Ереженің ережелері, сондай-ақ Авторлық құқық иеленушісінің ресурстарында орналастырылған Лицензиялық келісім, Құпиялылық туралы мәлімдеме, Иви бағдарламалық қамтамасыздандыру шешімін қолдану шарттарының талаптары толық таралады.

1.3. Сервис әлемнің барлық елдерінде, егер Интернет арнасының өткізу қабілеті қалыпты сападағы бейне контентті қарау үшін кемінде 1 Мб/с, Full HD үшін - 6 Мб/с болған жағдайда ұсынылады. Бұл ретте, егер әлемнің кейбір елдерінде контент қол жетімді болмаса - ол Сервистен жасырылады және оны көру мүмкін болмайды.

1.4. Пайдаланушы Сервисті тек жеке коммерциялық емес мақсаттарда пайдалануға, Сервисті пайдалану шарттарын сақтауға, Провайдердің, авторлық құқық иесінің, контент иелерінің және/немесе оператордың құқықтары мен заңды мүдделерін бұзбауға келіседі.

1.5. Пайдаланушы осы Ережелердің шарттарымен танысуға және олардың өзгертулерін дербес бақылауға келіседі. Сервис Пайдаланушысының Ереже мәтініне қандай-да бір өзгертулердің және/немесе толықтырулардың енгізілгенінен кейін оны пайдалануды жалғастыруы Пайдаланушының осындай өзгерістермен және/немесе толықтырулармен келісімін білдіреді.

1.6. Осы арқылы Пайдаланушы оның 18 жасқа толғанын немесе Қазақстан Республикасында тиісті Контентті көруге және/немесе Провайдер ұсынған жағдайларда Контентті қарауға ақы төлей алатын басқа жасқа жеткенін растайды. Қажетті жасқа жетпеген Пайдаланушы Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес ата-анасының, асырап алушыларының, қамқоршыларының, қорғаншыларының немесе басқа заңды өкілдерінің келісімінсіз осындай Контентті көруден және/немесе оны көру үшін төлем жасаудан бас тартуға келіседі. Кері жағдайда талап етілетін жасқа толмаған Пайдаланушының шарттарды бұзғаны үшін жауапкершілік Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес ата-аналарына, асырап алушыларына, қамқоршыларына, қорғаншыларына немесе басқа заңды өкілдеріне жүктеледі. Провайдер де, Оператор да Пайдаланушының Контентті қарау/тыңдау заңдылығына жауап бермейді.

1.7. Сервисті пайдалану барысында Пайдаланушыға Сервисті санкцияланбаған пайдаланудан қорғаудың техникалық құралдарын айналып өтуге, Контентті қарауға/тыңдауға, көшіруге бағытталған іс-әрекеттерді жасауға, атап айтқанда, IP-мекенжайлар бойынша Контентті көруге аумақтық шектеу жүйесімен, сондай-ақ Қызметтің функционалдық сипаттамаларын өзгертуге, тұрақсыздандыруға бағытталған басқа да әрекеттермен айналысуға тыйым салынады.

1.8. Сервиске жазыла отырып, Пайдаланушы кез келген уақытта Провайдерден және Оператордан Келісімге қолданылатын кез келген қолданыстағы заңнамаға қайшы келмейтін тәсілмен, атап айтқанда Сервис интерфейсінде, сондай-ақ электронды пошта мекенжайына, Пайдаланушының телефон нөміріне немесе басқа тәсілмен ақпараттық-жарнамалық sms және push-мәлімдеме алуға келіседі. Сервиске қосылу арқылы Пайдаланушы өзінің жеке деректерінің жиналатындығымен және өңделетіндігімен келіседі. Пайдаланушы жоғарыда көрсетілген келісімдердің Сервисті қосқан кезден бастап барлық уақытта және Сервисті пайдалану тоқтатылғаннан кейінгі алты ай бойы толықтай жарамды болатындығымен келіседі және растайды.

1.9. Провайдер Оператормен келісе отырып Ереже мәтінін өзгертуге және/немесе толықтыруға құқылы болады.

2. «Иви Онлайн кинотеатры» Сервисінің сипаттамасы

2.1. «Иви Онлайн-Кинотеатры» Сервисі Kcell және Activ абоненттеріне әлемнің мейджор студияларының фильмдерін, сериалдарын және бейне контентін көруге жазылым арқылы шынайы уақыт режимінде қол жетімділікті ұсынады және Абонентке келесі функцияларды ұсынады:

2.2. Жаңа пайдаланушылардың барлығына абоненттік төлемсіз «Иви Онлайн-Кинотеатры» Сервисіне 30 күнтізбелік күн үшін бір жолғы, бір реттік кезең;

2.3. Сервиске жазылу аясында шетелдік және қазақстандық киностудиялардың фильмдерін, мультфильмдерін және сериалдарын қарау;

2.4. Жүктелген кәштелген бейне контентті офлайн режимінде тыңдау мүмкіндігі (Интернетке қосылмаған кезде де);

2.5. Жаңа өнімдер, жанрлар, тақырыптар, елдер, киностудиялар бойынша ұсыныстар және Абонент қалауларына сәйкес келетін жеке ұсыныстар.

2.6. Ыңғайлы іздеу мүмкіндігі, реттелетін сүзгілер, сонымен қатар ыңғайлы уақытта көру үшін бетбелгілер жасау мүмкіндігі.

2.7. кідірту, айналдырып жіберу, 20 секундқа артқа жылдам айналдыру, кескін сапасын өзгерту, кейінге қалдыру мүмкіндігі.

2.8. Ұсынылатын және қолжетімді бейне контент атауларын және сипаттамасын көру мүмкіндігі (фильм/мультфильм/сериал атауы, режиссёр, актёрлері, түзушілері, қысқаша сипаттамасы, Кинопоиск рейтингісі, мұқабасы)

2.9. Жазылым бойынша қол жеткізу - Пайдаланушыға таңдалған жазылымға байланысты, 24 сағат ішінде немесе 30 күн бойы келесі абоненттік төлем алынғанша, осы Ережеде көрсетілген шарттарға, шектеулер мен техникалық талаптарға сәйкес Контенттің бірліктерінің белгілі бір тізіміне қол жеткізу мүмкіндігін білдіреді. Жазылымның әрекет ету мерзімі Пайдаланушының Дербес шотынан қаражат алынған сәттен бастап есептеледі.

2.10 Сервиске қосылу үшін *219# пәрменін теріп, мәзір тізімінен 1 күнге жазылу үшін - «1» санын немесе 30 күнге жазылу үшін - «2» санын таңдау қажет

2.11 «Иви Онлайн-Кинотеатры» Сервисінде авторизациялану үшін Абонентке:

2.11.1 Абоненттік құрылғының;

2.11.2 Қалыпты сападағы бейне контентті қарау үшін арнаның өткізу қабілеті кемінде 1 Мб/с болатын, Full HD үшін - 6 Мб/с болатын Интернет желісіне әрекеттегі қосылыс; Абоненттік құрылғыға Play Market/App store арқылы орнатылған Иви қосымшасының немесе Windows-қа арналған қосымшаның болуы немесе Абоненттік құрылғы, Смарт ТВ, тіркеме және/немесе дербес компьютер арқылы Сервистің веб-порталына

қолжеткізімнің болуы. Құрылғылардың толық тізбесі мен жүйеге қойылатын талаптар Құқық иеленуші парағында - <https://www.ivı.ru/devices>.

2.12. Сервиске авторизация Логин- абонент нөмірі мен SMS арқылы алынған парольді енгізу арқылы келесі жолдардың бірімен жүзеге асырылады:

- ivı.ru web-порталында;
- Иви мобильді қосымшасында;
- Смарт ТВ қосымшасында немесе ойын тіркемесінде.

Егер сіз пароліңізді ұмытып қалсаңыз, жүйе сізге сервистің келесі авторизациялары кезінде жаңасын жібере алады.

2.13. Сервисті Пайдаланушының бір абоненттік нөмірі арқылы 5 (бес) құрылғыдан пайдалануға болады. Сервис әр құрылғы үшін жеке кіруге арналған код жібереді.

2.14. Сервисті қосқаннан кейін және Абоненттік төлем уақтылы төленген жағдайда Интернет желісіне қолжетімділік болса, орнатылған мобильді қосымша арқылы, сондай-ақ интернетте ivı.ru мекенжайында орналасқан сайтты пайдалана отырып, дербес компьютерлерде Kcell немесе activ абоненттік нөмірін енгізгеннен кейін алынған логин мен парольді енгізу арқылы Абонент кез келген уақытта Сервиске қолжетімділік алады.

2.15. Пайдаланушы нөмірін Kcell-ден activ-ке және activ-тен Kcell-ге аударған жағдайда Пайдаланушыға сәйкес қызметті қайта қосып, Сервиске авторизациядан өту қажет.

2.16. Сервисті өшіру үшін *219# пәрменін теріп, Өшіру мәзірі тізімінен «0» санын таңдау қажет:

Абоненттік төлем алынбаған жағдайда сервиске жазылым тоқтатылады. Фильмдерді, сериалдарды және басқа да бейне контентті көрсу мүмкіндігі жабылады. Теңгерім толтырылғаннан кейін пайдалану мүмкіндігі ашылады. Абоненттік төлемнің қатарынан 60 (алпыс) күн бойы (Сынақ мерзімін қоспағанда) алынбаған жағдайында Сервиске жазылым өшіріледі. Сервисті пайдалану үшін жазылымды қайта бастап, абоненттік төлем төлеу қажет.

2.17. Жазылым түрін ауыстыру үшін алдымен 2.16 тармағында сипатталған тәсілмен қызметті өшіріп, содан кейін 2.10 тармағында көрсетілген тәсілмен сервиске қосылу керек.

3. Сервистің абоненттік төлемі:

3.1. Сервистің абоненттік төлемі таңдалған тәулігіне 69 (алпыс тоғыз) теңге немесе 30 күнге 1190 (бір мың жүз тоқсан) теңге.

Провайдер жазылым бойынша қол жеткізу құнын Пайдаланушыны Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес осындай өзгеріс туралы хабардар ете отырып, өзгерте алады.

Абоненттік төлемді уақтылы төлеу Сервиске қолжетімділіктің міндетті шарты болып табылады. Сервиске қолжетімділік абоненттік төлем алынған сәттен бастап келесі күні Астана уақыты бойынша сағ. 00:00-ге дейін беріледі. Абоненттік төлем Абоненттің дербес шотынан күн сайын, Астана уақытымен сағ. 00:00-ден 02:00-ге дейін алынады.

3.2. Есеп айырысудың алғытөлемдік тәртібін қолданатын абоненттердің Қызметке қосылған кездегі жеткілікті теңгерімі болған және есеп айырысудың несиелік тәртібін қолданатын абоненттердің несиелік лимиті асып кетпеген жағдайда, абоненттік төлем толық көлемде алынады және ары қарай таңдалған жазылымға сәйкес күн сайын немесе ай сайын тарифтеледі. Абоненттік төлем теңгерімде қаражаттың жеткіліксіз болуы себебінен алынбаса, Сервисті көрсету тоқтатылады. Теңгерім жеткілікті сомаға толтырылғанда абоненттік төлем толық көлемде алынады және Сервис тиісті көлемде ұсынылады.

3.3. Сервиске алғаш қосылғанда, Абонентке 30 (отыз) күндік пайдалануға (Байқау кезеңі) абоненттік төлемсіз Сервиске бір жолғы, бір реттік қолжетімділіктің берілгені және байқау кезеңі біткен соң алынатын Абоненттік төлемнің мөлшері туралы тиісті хабарлама жолданады. Байқау кезеңінің құны Сервистің құнына қосылған.

Байқау кезеңі ішінде Абонент Сервисті өшіретін болса, онда байқау кезеңі берілген сәттен бастап 30 күндік мерзімде Сервиске қайта қосылған жағдайда, Абонентке Байқау кезеңі аяқталғанға дейін қалған күндер ұсынылады.

4. Интернет трафиктің тарифтелуі:

4.1. Сервис актив және Kcell абоненттеріне Интернетке қол жетімділіктің болған жағдайында шынайы уақыт режимінде ұсынылады. Интернет желісіне қолжетімділік болмаған жағдайда Абонент ол жүктеген кәштелген бейне контентке қол жеткізе алады.

4.2. Kcell және актив Абоненттері үшін Сервис шеңберіндегі кіріс және шығыс мобильді интернет-трафик тарифтелмейді.

Сервисті Қазақстан Республикасынан тыс жерде қосқанда және пайдаланғанда, кіріс және шығыс интернет-трафик роумингтегі белгіленген стандартты тарифтерге сәйкес алынады.

Абоненттің бөгде операторлардың интернет желісіне қолжетімділікті пайдаланған жағдайында кіріс және шығыс интернет-трафик бөгде операторлардың белгіленген тарифтеріне сәйкес тарифтеледі.

5. Қабылданатын құрылғылар:

Сервисті келесідей қабылданатын құрылғыларға орнатуға болады:

- Мобильді қосымшаны орнату арқылы Android (4,2+ нұсқасындағы) базасындағы смартфондар мен планшеттер
- Мобильді қосымшаны орнату арқылы iOS (7+ нұсқасындағы) базасындағы смартфондар мен планшеттер
- Мобильді қосымшаны орнату арқылы Windows (ОЖ 8 Mobile) базасындағы смартфондар мен планшеттер
- жеке компьютерлер, ноутбуктар, Xbox тіркемесі (Windows 10, 16299.0 және одан кейінгі нұсқасында, Xbox One), қосымшаны орнату арқылы
- WEB жеке компьютерлерге орнатылатын операциялық жүйелердің (Windows, Mac OS, UNIX) және интернет браузерлердің кез келген нұсқаларын қабылдайды: Chrome 77 және одан жоғары, Firefox 69 одан жоғары, Opera 64 одан жоғары, Internet Explorer 11 одан жоғары, Safari 8 одан жоғары.
- Smart TV теледидарлары (LG, Samsung, Sony, Philips, Toshiba, Xiaomi) құрылған Иви қосымшасында авторизациялану арқылы.
- Тв-тіркемелер (Apple TV, Android TV, Eltex, IconBIT, Cinemood) құрылған Иви қосымшасында авторизациялану арқылы.
- Ойын тіркемелері (Xbox, Playstation) Иви қосымшасын орнату арқылы.

6. Қосымша шарттар:

6.1. «Иви Онлайн-Кинотеатры» сервисі Иви кешенді бағдарламалық шешім арқылы ұсынылады. Иви кешенді бағдарламасының құқықтары Иви.ру-ға тиесілі. Сервиске орналастырылған Контентке барлық зияткерлік меншік құқықтары оның заңды құқық иелеріне тиесілі. Сервис және Контент, зияткерлік меншік объектілері ретінде, Пайдаланушы Сервиске қол жеткізетін және Контентті қарайтын нақты бір аумақта қолданылатын заңнамаға және халықаралық құқықтық стандарттарға сәйкес құқықтық қорғауда болады. Провайдер Сервис шеңберінде Контентті ұсыну барысында Қазақстан Республикасының қолданыстағы

заңнамасының, оның ішінде зияткерлік меншік құқығын қорғау туралы заңнама талаптарының сақталуы үшін жауапты болады.

6.2. Егер Ережеде тіркелей көзделмесе немесе Иви құқық иеленушісі және/немесе Провайдер тікелей көрсетпесе, Пайдаланушы Контентке зияткерлік меншік құқығын алмайды, атап айтқанда, Контент бөліктерін көшіруге, сатуға, өзге де жолмен пайдалануға, көпшілік алдында орындауға, көпшілікке көрсетуге, жалпы қауым назарына жеткізуге және тағы басқаларға құқылы болмайды. Провайдердің, Контенттің құқық иелерінің немесе үшінші тұлғалардың зияткерлік меншік құқықтарын бұзғаны үшін Пайдаланушы оларды көруге рұқсат берілген нақты аумақтың қолданыстағы заңнамасына және халықаралық құқықтық стандарттарға сәйкес жауапты болады.

6.2.1. Контентті көруге қол жеткізу үшін қорғаудың техникалық құралдарын айналып өтуге бағытталған кез келген әрекеттер зияткерлік меншік құқығын бұзу болып табылады және Пайдаланушы мұндай әрекеттері үшін қолданыстағы заңнамада қарастырылған заңнамалық және өзге де жауапкершілікті өз бетінше көтереді.

6.2.2. Егер Сервисте берілген Контент немесе басқа ақпарат жалпыға қол жетімді етілсе, мысалы, ойын-сауық орындары мен демалыс орындарында, осындай жалпыға қол жетімді етуді ұйымдастырушылар жауапкершілікке дербес түрде ие болады және осындай пайдалануға қатысты авторлық құқық иелерінің және/немесе үшінші тұлғалардың шағымдарын дербес түрде шешеді.

6.2.3. Провайдер Пайдаланушының Сервиске жазылымға қол жетімділікті және Сервисті көрсету ережелерін бұзған жағдайда біржақты тәртіпте Сервиске жазылымды өшіруге құқылы.

6.2.4. Контент Сервисте Иви құқық иеленушісінің қалауы бойынша орыс, қазақ және басқа тілдерде, оның ішінде орыс тіліне аудармамен/дубляждаумен/субтитрлармен немесе оларсыз орналастырылған.

6.2.5. Сервис жұмысы Оператордың, Провайдердің, Құқық иеленушінің қалауы бойынша және/немесе Контенттің құқық иеленушілерінің құқықтарды беру мерзімінің аяқталуына байланысты тоқтатылуы мүмкін.

6.2.6. Барлық Контент пен Сервис тек жеке коммерциялық емес мақсатта пайдалануға арналған. Сервистің Контентін көшіруге, көбейтуге, өңдеуге, таратуға, көпшілікке жеткізуге немесе өзге де жолмен пайдалануға, сондай-ақ коммерциялық мақсаттарда пайдалануға тыйым салынады. Пайдаланушы Контентті (оның кез келген бөлігін) көпшілікке арналған іс-шаралар аясында, оның ішінде Интернетте, эфирде және/немесе кабель бойынша жариялау арқылы (ақы төлеумен де, ақы алусыз да) көрсетуге, хабарлауға құқылы емес.